



КАЗАК

ДІВІСТІЛ

2014
2015
2016

Медиа-платформа Ресурсний центр науки и культуры. Академическая медиа-платформа для изучения казахской культуры.



Қалила УМАРОВ

ТҰЛҒАНЫ ЗАМАНЫНАН БӨЛЕК ҚАРАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Деректі кино саласына осыдан отыз жыл бұрын келдім.

Алғашқы деректі фильмім Ленинградта, 1981 жылы «Кісен ашқан» деген атпен шықты. Сол фильмнің алдында «Тірідей көмілгендер» деген тақырыпта курстық жұмыс жасаған едім. 80-жылдар, өзіңіз білесіз, кеңестік тоталитарлық жүйенің қан қақсатып тұрған кезі. Ал мен сол уақыттың моралін өзімше көрсетуге тырыстым. Ленинград үйлерінің қабырғасындағы мұсіндер өлі ғой, соларды тірілтіп, көшедегі адамдарды өлі дүниеге айналдырып едім. Өкінішке орай бұл еңбегім «Социализм құрып жатқан совет жұмысшыларына жала жабу» деген баға алып, бірден архивке тұсті. Осылайша, алғашқы киномды түсіру барысында-ақ қоғамға қарсы авторлық пікірінді айту өте қыынға түсетінін сездім.

Бұл енді социализм кезіндегі шығармашылығымда кездескен ең алғашқы қыншылықтар. Былтыр жарық көрген шығармам «Қазақтың Бауыржаны». Батыр Бауыржан – кесіп сөйлеп, шындығын айттар мінезімен билікке онша сүйкімді көрінбесе де, халқы көкке көтерген алып тұлға. Оның да өз заманында ішкен уы аз емес.

Мысалы, Екінші дүние жүзілік соғыста әлемге ерлігімен танылған, Мәскеудің түбіне келіп жеткен неміс әскерінің бетін тұңғыш рет қайтарған Панфилов дивизиясының жиырма сегіз адамына батыр атағын қиганда, аталмыш дивизиясының бірден-бір офицері, көзі тірісінде дүние жүзіне аты шықкан полковник Бауыржан Момышұлына сол атақты қимады ғой! Бұл бір деңіз. Көзі тірісінде Бауменің ерлігі Александр Бектің шығармасы арқылы дүние жүзіне таралып кетті. Оның әскери қағидалары әлем мемлекеттерінің көптеген елдерінің арнайы оқу орындарында тұрақты бағдарлама негізінде оқытылады. Алматыдағы 28 панфиловшылар атындағы саябақ 1975 жылы, женістің 30 жылдығына орай ашылды. Соған Баумен, Панфилов дивизиясының полковнігі Бауыржан Момышұлы шақырылмаған! Егер билік Бауменді шын қадірлесе, номері бірінші шақыру билетін батырдың қолына ұстарат еді ғой. Баумен көз жұмған кезде біздің ел Ресейге қосылғанының 250 жылдығын тойлап жатқан уақыт еді. Біз жоғарыда айтқан панфиловшылар саябағын

жастарға патриоттық тәрбие беру үшін, панфиловшылардың ерлігін мәңгі есте сақтау үшін салған жоқ па? Бір сөзбен айтқанда осы саябақтан қазақтың батырына екі метр жер табылмады. Билік батырды мойындап, сол манда жерлегенінде кешегі желтоқсан оқиғасында арқа сүйер тұлға іздел, рух іздел сабылған жастар Баумен жатқан жерге жиналар еді ғой. Ұрпағы

Бауыржанның жүз жылдығында керемет күмбез орнатар еді. Жастар сол жерден рух алар еді. Ол маң қазақ азаттығының рухани орнына айналар еді. Бауменді мәңгілік сапарға қазіргі Жастар театрынан шығарып салды. Сол кезде Олжас Сүлейменов өзінің ерекше зор, екпінді үнімен: «Ештеңе етпейді. Оның уақыты әлі келеді!», – дегенінде, халық одан сайын еңіреп жылады. Жауын құйып тұр. Кенсай ол кезде айдаладағы бір төбе еді. Бауменді сонда жалғыз жерледі. «Мен отырған жердің бәрі – төр», – деп Әуезовтің айтатыныңдай, сол Баумен жатқан төбе қазір атақты Кенсай зиратына айналды.

Олжас Сүлейменовтің бір естелігі бар. Аты әлемге танылған Бауыржанды Куба революциясының көсемі Фидель Кастро арнайы шақырып, қазақ батырының құрметіне әскери шеру өткізген. Офицерлер үшін бұдан үлкен құрмет жоқ. Сөйтіп, «Бостандық аралының» газеттеріне Бауменді қалай күтіп, марапаттағаны жайлы үлкен-үлкен репортаждар жарияланады. Сол басылымдарды алып, Баумен елге қуанып оралады ғой. Осындай қуанышты жаңалық жайлы қазақстандық бірде-бір газет-журнал аузын ашпайды. Бұл да көзі тірісінде Баумендің қадіріне жете алмағанымыздың бір дәлелі.

Бұл мен түсірген бір кинодағы ғана тұлға шындығы еді. Оның фильмге енгені де, енбей қалғаны да бар. Менің түсінгенім, қазір бізге тарихи ерлікті теренен толғайтын деректі де дәйекті бейнетаспа емес, мерейтойлардың қарсаңында ғана жылт еткізетін тұлға туралы бір кино керек еken.

Біздің бүгінгі қоғам шындықты түгелдей естуге әлі дайын емес. КСРО-ның уағында тыым салынатын, айтуға болмайтын көп нәрсені Мәскеуге жаптық. Енді Мәскеу құрығын алып тастаған тұста, жан-жақты көсілуге болады ғой. 1991 жылдары тәуелсіздік алған соң режиссер ретінде мен бірталай дүниелер жасадым. Мағжан, Міржақып, Ашаршылық туралы кинолар түсірдім. Сол кездегі Қазақ телерадио комитетінің, «Қазақтелефильм» киностудиясының басшылары F.Шалахметов, С.Әшімбаев, К.Танаев, М.Рахманбердиев деген ағаларым құшақ жая қарсы алып, қолданап отырды. Қай архивті болса да емін-еркін ақтарып, кең көсілдім, бір кадрым қырқылмай, бәз қалпында экранға шығып жатты.

Үлкен еңбекпен жасалған дүниең қырқылып, кадр сыртында қалғанда жаныңа батады еken. Мен Ленинград мектебінің өкілімін ғой. Бізді тұлға туралы деректі кино түсірерде қоғамнан бөліп қарастыруға болмайды деп үйретті. Тұлға туралы кинонда сол кездегі саяси-мәдени ахуалдар кірігуі керек. Себебі, сен біреуді жасанды тұрде биікке көтергенімен, оны сол қоғамдағы орнына апарып қойғанында, ол бәрібір сылқ етіп төмен түсіп кетеді. Ал біреуді мың жерден орынсыз тұқыртсан да, қоғамдағы орнына апарғанында, бірден көкке көтеріледі. Қазір осы логикаға қарсы қалыптасып келе жатқан жағдай бар. Яғни, кейбір тұлғалар келсін-келмесін жан-жақты

айтылып, жазылып, көрсетіліп жатқанында, кейбіреулері туралы ізденіс мұлдем жоқ. Мені осы аланнадағы. Екінші бір жағдай, Қазақстанда тұлғалық киноларды жасағанды мынадай бір тенденция пайда болды. Тұлғаны өзінің заманымен салыстырғандай болады, бірақ көрерменді шатастырып жібереді. Мәселен, Алаш қайраткерлері ұлт-азаттық қозғалысының басында жүрген, азаттықты аңсаған, ұлт болашағы үшін алға қойған мақсат-мұраттарының жолында құрбандыққа айналған тұлғалар. Осы тұлғалар туралы материал дайындалғанда олар ғұмыр бойы айтып өткен кейбір мұраттар сырт қалып жатады. Тұлғаның өмірлік мұратын, сол мұратқа барап жолдағы қыншылығын түгел актарып айтпай, қаһарман жасай аламыз ба? Ал қазір сол заманың негізгі тұлғасын емес, оның айналасындағыларды ерекше насиҳаттау үрдіс алып бара жатқандай. Сөйтіп, кішкентай ғана жерді алады да, сол жерді алтындағып, жылтыратып қояды. Міне, тұлғаның толыққанды образын жан-жақты ашу мәселесінде осындай нәрселерге абай болу керек, мүмкіндігінше жол бермеу керек деп ойлаймын.